

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

16-сабақ

Тақырып: Тиімді және тиімсіз жағдайларды санау

Сынып жұмысы

1. Асанның 10 ақ және 5 қара түске боялған асықтары бар. Ол барлығын бір дорбада сақтайды. Ол қарамастан неше асық алғанда, асықтардың ішінде кемінде бір ақ асық болады?
2. Айманның қалам салғышында 5 көк түспен, 4 қара түспен және 3 қызыл түспен жазатын қаламдары бар. Одан парталасы көк қалам сұрады. Қаламдарға қарамастан кемінде неше қалам алғанда парталасына көк қалам бере алады?
3. Сыныпта 12 ұл бала және 11 қыз бала оқиды. Мұғалім кабинеттің сыртында тұрып неше оқушыны сыртқа шығанғанда, оқушылар ішінде кемінде 2 қыз бала болады?
4. Қараңғы бөлмеде үстел үстінде 20 алма жатыр. Олардың 7-еуі жасыл, 5-еуі қызыл, ал 8-і сары алма. Айжанды осы бөлмеге кіргізіп, екі түсті алма алып шығуды тапсырды. Айжан екі түсті жеміс алғанына сенімді болуы үшін кемінде неше алма алып шығуы керек?
5. Қорапта 24 шар жатыр. Олардың 9-ы ақ, 5-еуі қара қалғаны жасыл. Қораптан үш түрлі шар алғанына сенімді болу үшін кемінде неше шар алу керек? (қарамастан)
6. Бағанағы қараңғы бөлмеге Асқарды кіргізіп жіберіп, екі бір түсті алма алып шығуды тапсырды. Асқар кемінде неше алма алып шығуы керек?
7. Қараңғы бөлмеге енді Ақнұрды кіргізіп жіберіп, үш бір түсті алма алып шығуды тапсырды. Ақнұр кемінде неше алма алып шығуы керек?
8. Кез-келген үш натурал санның ішінде, айырмасы 2-ке бөлінетін кемінде екі сан табылады. Осы тұжырым дұрыс па?
9. Сыныпта 25 оқушы оқиды. Осы оқушылардың ішінде бір айда туылған кемінде үш оқушы табылады ма?
10. 2010 және 2015 (жылдарды қоса алғанда) жылдар аралығында туылған балалардан топ құру керек. Топта жастары бірдей 4 бала болуы үшін, топта кемінде неше бала болуы керек?
11. 5 қабатты үйдің әр қабатында 4 пәтерден бар. Осы пәтерлердің кемінде біреуінде екі мысық бар болғанына сенімді болу үшін, үйдегі жалпы мысықтар саны қанша болу керек?